

ӘОЖ 811.512.122 373.49

Ж.Д. Есімова,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
доценті, ф. г. к., Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: esimjulduz.84@mail.ru

Сакральды мәнді сөздер табиғаты

Бұл мақалада қазақ халқының ұлттық дүниетанымында тұрақтылық сипатқа ие болған сакральды мәнді сөздер мен ырым-жоралғылардың, салт-дәстүрлердің семантикасы қарастырылады. Сакральды мәнді ұжымдық құндылықтар семантикасында сол ұлттың қалыптастырған ұлттық тарихи мәдениеті мен элитарлық мәдениеті, тарихи ұжымдық санасы, дүниетанымы, тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік шаруашылығы, өмір тәжірибесі, моралдық ұстанымдары, этикасы мен эстетикасы сияқты рухани құндылықтарының көрініс табатыны когнитивті лингвистика мен номинация теориясы тұрғысынан талқыланады.

Мақалада сөздің семантикасындағы зат, құбылыс туралы тура мағынасымен қатар дүниетанымының күрделенуіне орай қосымша ауыспалы мағынадағы символдық, ақпараттық, мәнмәтіндік реңктері болатындығы нақты мысалдармен дәйектеледі. Құрбандық шалу этнофразеологизмнің семантикалық астарынан ұлттық рухани дүниетаным бойынша күллі қиындықтар мен ауыртпашылық осы сойылған тоқтының жанымен кетсін деген ақпарат пен символдық мағына берілген. Сакральды семантикаға ие тауларға *Қазықұрт*, *Бектау ата*, *Ойсылқара*, *Ұлытау*, *Хан тәңірі*, *Әулие шоқы*, *Көктөбе*, *Сантас* сияқты көптеген тауларды жатқызуға болады. Қазақтың мифологиялық дүниетанымында алып ағаш Бәйтеректің өзгеріске ұшыраған (трансформацияланған) *аса*, *асатаяқ*, *бақан*, *шоқ терек* сияқты түрлерінің сакральды семантикасы талқыланды. «Қиелі ағаш» ұғымының тағы бір түрі, космостық ағаштың өзгеріске ұшыраған бір формасы – бақан (бағана). Бақан-ғарыштың тұрмыстағы үлгісі- киіз үйдің басты, қасиетті атрибуты. Ол – әлем ағашының символы екені когнитивті ақпараттар негізінде айқындалады.

Түйін сөздер: сакральды мағыналы сөздер, когнитивтік ақпарат, семантика, лексикалық мағына, номинация, символ, құрбандық шалу, аса, асатаяқ, бақан, шоқ терек.

Zh.D. Esimova

The nature of sacral meaning words

The article considers semantics of sacral meaning words, words used in superstitions, traditions established in national world view of the Kazakh people. The national and historical culture, the elite culture, historical collective mentality, world view, way of life, social economy, life experience, moral attitudes developed by a particular nation, ethics and aesthetics, spiritual values are manifested in the semantics of relevant sacral collective values. They are analyzed from the positions of the theory of cognitive linguistics and nomination.

In the semantics of words reflecting objects and phenomena in the direct sense, due to complexity of the world view, there appear additional informational, symbolic shades of meaning in the figurative sense which are illustrated and argued by precise examples. For example, ethnophraseology about sacrifice provides information and symbolic sense in the semantic implication of the national spiritual world view which means that all hardships, difficulties will go away with the soul of slaughtered cattle. Many mountains have sacral semantics: *Kazykurt*, *Bektau ata*, *Oysylkara*, *Ulytau*, *Khan Taniri*, *Aulie shoky*, *Koktobe*, *Santas*. Also a huge tree *Baiterek* of Kazakh mythology has experienced transformation and its transformed forms *asa*, *asatayak*, *bakan*, *shok terek* have been discussed from the sacral semantics point of view. One of the types of the «Sacred tree» concept and one of the transformed forms of the space tree is *bakan* (*bagana*). *Bakan* is an example of space in everyday life, the main and sacred attribute of the nomad felted house. It is a symbol of the world tree and it is determined on the basis of cognitive information.

Key words: words of sacral meaning, cognitive information, semantics, lexical meaning, nomination, symbol, sacrifice, *asa*, *asatayak*, *bakan*, *shokterek*.

Ж.Д. Есімова
Природа сакрально значимых слов

В статье рассматриваются сакрально-значимые слова и семантика суеверий и обычаев, которые хорошо обосновались в национальном мировоззрении казахского народа. В семантике сакрально-значимых коллективных ценностей проявляются национальная, историческая культура и элитарная культура, историческое коллективное сознание, мировоззрение, образ жизни, социальное хозяйство, жизненный опыт, моральные позиции, которые обосновывал тот или иной народ, духовные ценности, этика и эстетика. Они обсуждаются с позиции когнитивной лингвистики и номинации.

В семантике слова, отражающего предмет и явления в прямом значении, в связи с усложнением мировоззрения возникают дополнительные символические, информационные, смысловые оттенки в переносном значении, которые аргументируются точными примерами. Этнофразеологизм жертвоприношения дает информацию и символическое значение в семантическом подтексте по национальному духовному мировоззрению, чтобы все трудности и тяжести ушли вместе с душой зарезанной овцой. Многие горы имеют сакральную семантику: *Қазықұрт, Бектауата, Ойсылқара, Ұлытау, Хан Тәңірі, Әулиешоқы, Көктөбе, Сантас*. В мировоззрении казахской мифологии обсуждается измененная (трансформированная) сакральная семантика видов могучего дерева тополя как *посох, посох с погремушкой, бакан (шест с развилкой, которым поднимают кошму в верхнюю часть остова юрты), тополиная роща*. Еще один вид значения «Святого дерева», измененная форма космического дерева – *бакан* (багана). Бакан – образец космоса в быту – главный, священный атрибут юрты. Он определяется на основе когнитивных информационных данных как символ мирового дерева.

Ключевые слова: сакрально-значимые слова, когнитивная информация, семантика, лексическое значение, номинация, символ, жертвоприношение, посох, посох с погремушкой, бакан (шест с развилкой, которым поднимают кошму в верхнюю часть остова юрты), тополиная роща.

Қазіргі таңдағы тіл ғылымың даму үрдісі полипарадигматикалық ұстанымдар негізінде, яғни тіл білімі этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық, когнитивтік-концептуалдық, социолінгвистикалық, психолінгвистикалық, лингвопоэтикалық, коммуникативтік-прагматикалық, функционалдық, гендерлік лингвистика аясымен сабақтастыра отырып кешенді сипатта қарастыруды негізгі меже етіп отыр. Тілтанымының осындай көп бағыттағы кешенді парадигматикалық сипаты бүгінгі кемелдену процесіндегі адамның ақыл-ой санасының антропоэзектік ұстанымдарымен тікелей байланысты.

Бүгінгі таңда рухани лексикамызды құрайтын кез келген сөздер мен концептілердің, тұрақты тіркестер мен паремиологиялық қордың, прецедентті мәтіндер мен символдық айшықтардың, ертегілер мен өлең-жырлардың, тыйымдар мен ырым-жоралғылардың, салт-дәстүрлердің мазмұнында когнитивтік (дүниетанымдық) ақпараттар мол болғандықтан тек жалаң тілдік мәліметтер негізінде ғана қарастыру жеткіліксіз болып саналады. Өйткені бұл ұжымдық құндылықтардың астарында сол ұлттың қалыптастырған ұлттық тарихи мәдениеті мен элитарлық мәдениеті, тарихи ұжымдық санасы, дүниетанымы, тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік шаруашылығы, өмір тәжірибесі, моралдық ұстанымдары,

этикасы мен эстетикасы сияқты рухани құндылықтары жан-жақты көрініс береді.

Адам санасында танылып қалыптасқан обективті шындықтың немесе ұғымның жарыққа шығуы негізінен тілдік құралдар мен бірліктер арқылы жүзеге асады. Яғни қоршаған әлемдегі нысан номинация теориясында заттың мазмұны мен дыбыстық жамылғыш арқылы сөзбен (тілдік таңбамен) белгіленеді. Жалпы кез-келген сөз-ұғым, пайымдау, ой қорыту арқылы затты, қимылды, оның негізгі белгілерін, заттардың арасындағы қатынастарды айқындайды, яғни біздің дүниетанымдық тәжірибелеріміздің нәтижелерін таңбалайды. Номинацияның іргелі ұғымы болып табылатын сөздің табиғаты таңба мен таңбаланушы арасындағы байланыстан тұрады. Сөздің дыбыстық формасы тек мағына арқылы көрінетін материалдық форма ретінде қарастырылып, тілдік тұлғаның екі жағы (мазмұн мен формасы) бір-бірінен алшақтатылады, яғни атау мен мағына арасындағы байланыс еркін деп табылады. Номинациядағы атау мәселесінің былай түсіндірілуі түрлі тілдердің қатар өмір сүруімен тікелей байланысты болса керек. «Алайда бұл факт атау мен мағына арасындағы байланыстың еркінділігі туралы шешімге жеткілікті дәрежеде негіз бола алмайды, өйткені көп тілдік бұл жағдайда салдар ретінде, ал атау мен

мағынаның арасындағы байланыстың еркінділігі себеп ретінде түсіндіріледі. Салдар негізінде себептің өмір сүруі туралы шешімге келу аталған байланыстың біржақты болған жағдайда ғана мүмкін» [1, 67-68].

Сөздің мазмұнында сол зат, құбылыс туралы тура мағынасымен қатар дүниетанымның күрделенуіне орай қосымша ауыспалы мағынадағы символдық, ақпараттық мәнмәтіндік реңктері болады.

Қазақ халқының ұлттық дүниетанымында рухани лексикалық қорымызды таңбалайтын сөздердің символдық мағынасы да маңызды орынға ие. Жалпы сөздің символдық мазмұны символды өзін танудан бастау алады. Мәселен, символ туралы Г. Гегель: «Символ- эстетикалық идея, бейнелеудің арнайы түрі. Көрінбейтінді, мүмкін еместі жеткізуге тырысатын бейнелеудің арнайы түрі, шындығында ой-сана идеяларына сәйкес келетін пайымдау өз үшін өмір сүрмейтін, барынша кең жалпы мағынада қажет ететін, пайымдалатын сыртқы күрделі болмыс, – деп тұжырымдайды [2, 147]. Яғни, символдық мағынаны бір-бірімен жасырынып тұратын және дүниетанымның өсіп-өркендеуіне байланысты үнемі ауысып, дамып күрделеніп отыратын кешенді мәліметтер жиынтығы деуімізге болады. Өйткені символдық мән астарында тілдік көрініске түспеген мағына құрылымындағы дено-тагтық, сигнификаттық, коннотаттық, импирикалық, факультативтік құрылымдардың семалық бөліктерінің ұжымдық санадағы бейнесі көрініс табады. Символдық семантикалық өрісінің кеңдігі оның бөлінбейтін бөлігі болып табылатын жасырын мағыналарынан бастап семантикалық субституттарға (орынбасарларға) дейінгі және бір мағынаның басқа мағынаға ауысу жолын айқындайтын мәнмәтіндік қолданысы сияқты кең аумақты қамтиды.

Сөздің тіркеске түспей, жеке тұрғандағы лексикалық мағынасынан қандай да бір атауыштық ақпарат алсақ, сол сөздер қатысқан сөйлемде, мәтін ішінде, контекстік қолдану өрісіне сәйкес қосымша ақпарат алып, символдық мәнге де ауысып отыратыны белгілі. Символдық мәнің басқа бір нысанға қатысты болып жорамалдау, тұспалдау, болжау сипаты мен ерекшелігі жөнінде Ю.В. Попов, Т.П. Трегубович былай деп жазады: «Поскольку «скрытый» смысл в тексте все-таки как-то актуализован (ибо он воспринимается), он должен быть референтным, референциально определенным, как и смысл эксплицитным. Это значит, что какой-то факт (предмет,

явление, «положения дел») осмыслен и представлен в отношении к чему-то другому [3, 78].

Қазақ тілінде осындай символдық мағынасы жорамалдық, тұспалдық болжамдық сипатқа құрылған салт-дәстүрлер мен ырым-жоралғылар, мифологиялық киелі таным-түсініктер, сокральды мәнге ие жағрапиялық нысандар (тау, тас, өзен, бұлақ, қорым, төбе, мазарт және т.б.) көптеп кездеседі.

Қазақ халқының рухани құндылықтар қорындағы қайсыбір салт-дәстүрі мен ырым-жоралғысын, мифологиялық болмысын алсақ та, оның астарында үлкен ұлттық дүниетанымдағы философия мен психология, этномәдени ақпарат қоры жататындығына көз жеткіземіз.

Мәселен, ежелгі мифтік сана бойынша, ел, жұрт қандай да бір ауыртпалыққа ұшырағанда, күйзеліске түскенде содан арылу, алыстау мақсатында жоғарғы күш иесінен тілек, ниет етіп, құрбандық шалатын болған. *Құрбандық шалу* – құдайға, жаратушы Аллаға, ата-баба аруақтарына бағыштап мал сойып, иіс шығару. Бұл салт-дәстүрде еңбектеген жастан еңкейген кәріге дейін жиналып жақсы тілек тілеп құдайға, жаратушы Аллаға, ата-баба аруақтарына құлшылық жасайтын когнитивтік ақпараттарды саралауымызға болады.

Құрбандық шалу этнофразеологизмнің семантикалық астарынан ұлттық рухани дүниетаным бойынша күллі қиындықтар мен ауыртпашылық осы сойылған тоқтының жанымен кетсін деген ақпарат мен символдық мағынаны аңғаруға болады. Мұнымен қоса құрбандық шалу этнофразеологизмнің семантикасы когнитивтік ақпараттағы таным шеңберінің уақыт факторына сәйкес дамығанында байқауымызға болады. Мәселен бүгінгі тілдік қолданысымыздағы «еркек тоқты құрбандық» мақалының семантикалық аясында елін, жерін, халқын сыртқы күштерден қорғау мақсатында өз жанын пида еткен ер-азаматтар мен жас қыршындарға байланысты семантикаға да ие болып отыр. Сонымен қатар мұсылман қауымында Құрбан айт діни мерекесінің де аталымдық шеңбері осы ұғымдармен ассоциациялық сабақтастықта болса керек.

Жоғарыдағы түсініктемелерден кейін «еркек тоқты құрбандық» мақалының өзі алғашқыда шынайы өмір тәжірибесінде қолдана отырып, тура мағыналық сапаға ие болып, белгілі бір прецедентті мәтін арқылы (өмірде болған оқиға) ақпарат беріп, танымның дамуы мен күрделену нәтижесінде ауыспалы мәнге ие болып сөз – символдық деңгейге көтерілген. Бұдан ког-

нитивтік ақпараттың уақыт факторымен бірге ұжымдық санада үнемі дамып жаңа мәнге, жаңа символдық мағыналарға ұласатынына көз жеткіземіз.

Сонымен қатар тілімізде рухани лексикамыздың мол қабатын сакральды мәнге ие жағрапиялық нысандар құрайтыны да белгілі.

Көне түркілер заманынан бері келе жатқан тау мен төбелерге шығу культі қазақ қауымында қалыптасқан таным. Осыған орай мифологиялық дүниетаным бойынша тау-төбелер культі мен әулие ағаштарға табыну, жалпы киелі жер-мекендерге түнеу ырым-жоралғылары бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келеді.

Сакральды семантикаға ие тауларға *Қазықұрт*, *Бектау ата*, *Ойсылқара*, *Ұлытау*, *Хан тәңірі*, *Әулие шоқы*, *Көктөбе*, *Сантас* сияқты көптеген тауларды жатқызуға болады. Бұл жағрапиялық нысандарға байланысты ұлттық дүниетанымда мол аңыз-әңгімелер мен мифтер, топонимикалық эпсаналар кездесетіні белгілі. Осындай түсінік, ұғымдардың аясында тау, төбелер культі, әулие ағаштарға табыну, жалпы киелі жер-мекендер туралы мифтік танымдар пайда болған.

Жалпы жағрапиялық нысандарды киелі, қасиетті деп санап, оларға зиярат ету, табыну – ежелгі заманнан келе жатқан, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырған дәстүр әлемнің көптеген халықтарында кездеседі. Мәселен, көк тәңірге аспан мен жерді, тау мен тасты, су мен өзендерді, өздері мекен еткен кеңістікті киелі, қасиетті деп санаған. Оған Енисей руникалық жазбалардағы «киелі, қасиетті жер-су» мағынасын білдіретін «*ыдық йер-суб*» тіркесімі айқын дәлел бола алады.

Адамның алғашқы мифологиялық танымында космостың ғаламдық бейнесі жасалынғаны белгілі. Яғни әлемнің сол кездегі көрінісінде – «ғаламның вертикаль моделінде» үш әлемді (көк аспан, жер, жер асты) жалғастырып тұрған *Әлемдік Ағаш* немесе *Әлемдік тау* (*Темірқазық*) космостың (бүкіл әлемдердің) ортақ (кіндігі) нүктесі ретінде тұжырымдалған. Ал Ғалам ортасынан, түп-тамырынан, түбірден, түпкі тектен Әлемдердің тіршілігі, жаратылуы басталған деген өте ерте заманда дүниетанымдық түсінік болған.

Ерте заманда бастау алып, ғасырлар бойындағы жалғастық негізінде басқа да наным-сенімдермен ұштасып, дами келген *Әлемдік тау* (ағаш, қазық, орта, кіндік, төбе, аса, асатаяқ, бақан т.б.) ұғымына байланысты қазақ халқының рухани кеңістігінде де сакральды семантикаға

иә салт-дәстүрлер мен ырым-жоралғылар, ри-тауалдар қалыптасқан. Бұл топқа «киелі тау», «әулие ағаш», «әулие төбе», «қасиетті Атамекен», «киелі су (бұлақ, өзен), «қасиетті шаңырақ» сияқты рухани құндылықтар жүйесін жатқызуға болады.

Бұл ұғымдардың қазақ тілінде вербалдануын (сөз, атау, сөз тіркесі ретінде көрінуін) мына мысал – деректерден анық байқауымызға болады: *Жер ортасы – Көктөбе, Күлтөбеде күнде жиын, көк пен жерді байланыстырушы қасиетті алып Бәйтерек, Шоқ терек, Айдарлы (төбе), асатаяқ, бақан, Мәртөбе, Түрткүл төбе, Әулие шоқыжәне т.б.* Қазақтың мифологиялық дүниетанымында алып ағаш Бәйтеректің өзгеріске ұшыраған (трансформацияланған) *аса, асатаяқ, бақан, шоқ терек* сияқты түрлері бар. Соның бірі – *аса, асатаяқ*. Қазақ әулие-әнбиелері, бақсылары, диуана-дәруіштері қолына аса, асатаяқ ұстап жүрген. Осыған орай «Алпамыс батыр» эпосында мынадай жолдары бар:

Ақ сәлдесі басында
Сырлы аса қолында
Өзі ақтаң жолында
Бір диуана келді де
Асамен түртіп оятты.

Эпос мәтінінде келтірілген диуана қолындағы асаны қасиетті Бәйтеректің формалық жағынан өзгерген түрлерінің бірі деп тұжырымдауға болады. Бұл жөнінде академик, фольклор зерттеушісі С.Қасқабасов: «Бақсы асатаяғы мен ертедегі бәйтеректің түбірі бір екені, ол архаикалық мифтегі космостық ағаш екені күмәнсіз», - деп жазады [4, 88].

Халқымыздың ұлттық дүниетанымында жапан далада жалғыз өсіп тұрған ағашты адамдар аса қадір тұтып қасиетті деп санаған, кейбір жергілікті тіл ерекшеліктерінде мұндай ағашты *Шоқ терек* деп те атаған. Алтай, хақас, тува, шор, саха сияқты сібір түркілері де мұндай шоқ теректерге байланысты қазақтар сияқты тағзым етіп шүберек байлап, жақсы тілектер тілейді. Этнографиялық дереккөздерде осы ұғымға қатысты шоқ теректерге немесе жалғыз (дара) тұрған ағаштарға қатысты жалпы түркілік дүниетаным бойынша ортақ түрлі ырым-жоралғылар мен салт-дәстүрлер молынан кездеседі. Этнограф ғалым Ш.Уәлихановтың пікірінше: «Шамандық дәстүрге орай жапанда өсіп тұратын жалғыз ағаш немесе бұта қадірленіп, оның басына түнейді. Ағаштың қасынан өтіп бара жатып адамдар оның бұтақтарына шүберек байлайды, ыдыс

тастайды, тіпті құрбандыққа мал шалады, я бол-маса аттың жалын түйіп тастайды» [5, 119].

«Киелі ағаш» ұғымының тағы бір түрі, космостық ағаштың өзгеріске ұшыраған бір формасы – бақан (бағана). Бақан – ғарыштың тұрмыстағы үлгісі – киіз үйдің басты, қасиетті атрибуты. Ол – әлем ағашының символы.

Түркі – монғол халықтарында бақанға (бағанаға) қатысты түрлі сенім-нанымдар мол қалыптасқан. Сол сенім-ырымдардың түпкі негізі жөнінде былай түсіндіріледі: «На ваш взгляд, разливаемые символично-ритуальные смысловые бакан объединяет в своей основе идея мирового Дерева – Мировой Оси. Бакан (шест, столб, коп, жердь, столб для привязи лошадей, стейка, подборка, колонна и. т.п.) – это уменьшенная копия и символический двойник Мирового Дерева – Космической Оси, и потому все изначальные смысловые, воплощенные в семиотике Мирового Дерева – Мировой Оси, раскрываются и реализуются в ритуальных функциях и магической семантике тюрко-монгольского бакан (бағана)» [6, 15].

Сонымен қатар бақан әлем ағашының доминаты орнында көшпелілердің хан сайлау (мемлекеттік салтанат) дәстүрінен бастап, отбасылық, жауынгерлік, мал емдеу ғұрпында да феномендік қызмет атқарған. Бақанға байланыс-

ты, әсіресе мал шаруашылығында салт-дәстүрлер мен ырым-жоралғылар мол сақталған. Бұл туралы этнограф ғалым Б. Хинаятұлы төмендегідей мәліметтер келтіріледі: «...қара мал туа алмай жатса, бақанды құрсағының астынан өткізіп көтермелейді; ал ұсақ малдың саулығын мұндай жағдайда бақанның астынан өткізеді; төл нысаналы болып туылса, оған бақанның ұшын тигізіп, «кет, бәлекет, кет» деп қуады; сатқан малға бақанның басын тигізіп, «мал басы сенде кетсе де, ырымы өзімде қалсын» деп ырым етеді [7, 180]. Түркі дүниетанымында «*Бақан аттаған байымайды, балта басқан жарымайды*» деген таныммен «*бақаннан аттама*» деген тиым сөздер бар. Сонымен бірге ауа-райы жақсы болса, түндікті бақанмен тіреп қоюға болмайтын ырымы да болған. Бұл ырым-жоралғылардың символдық мәні түркілік ұжымдық сананың архаикалық (түпкітек) нұсқасының генетикалық кодының ортақ екеніне дәйектеме болады. Сонымен халқымыздың қандай салт-дәстүрімен ырым-жоралғысын алсақта, оның ішкі мазмұнында этномәдени ерекшелігімізді танытатын терең рухани философиялық ой түйіннің жатқанын және әрбір заттың жасырынып жатқан сөздің терең символдық мәні бар екеніне жоғарыда талданған мысалдар дәлел бола алады.

Әдебиеттер

- 1 Байндурашвили А.Г. Экспериментальные данные о психологической природе наименования и проблемы языкового знака // Семинар по психоллингвистике. – М., 1966.
- 2 Гегель Г.В. Лекции по эстетике. – В 2-х томах. – Санкт-Петербург, 1998.
- 3 Попов Ю.В., Трегубович Т.П. Текст, структура и семантика. – Минск: Вышэйшая школа, 1984. – 189 с.
- 4 Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы, 1984.
- 5 Валиханова Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Т. 1. – Алматы, 1961.
- 6 Керимбаева С.Е. Ономастическая экспликация мифологической модели мира в казахском языке. Автореферат... КФН. – Алматы, 2004.
- 7 Хинаятұлы Б. Қазақтардың төрт түлікке қатысты дәстүрлі ырым, жосын-жоралғы, әдет-ғұрыптары // Қазақтың әдет-ғұрыптарымен салт-дәстүрлері: өткендегісі және бүгінгі. – Алматы: Ғылым, 2001. – 190 б.

References

- 1 Bayndurashvili A.G. Eksperimental'nye dannye o psihologicheskoy prirode naimenovaniya i problemy yazykovogo znaka // Seminar po psiholingvistike. – M., 1966.
- 2 Gegel' G.V. Lektsii po estetike. – V 2-h tomah. – Sankt-Peterburg, 1998.
- 3 Popov Yu.V., Tregubovich T.P. Tekst, struktura i semantika. – Minsk: Vysheyschaya shkola, 1984. – 189 s.
- 4 Qasqabasov S. Qazaqti'ng hali'q prozasi'. – Almati', 1984.
- 5 Valihanova Ch.Ch. Sobraenie sochineniy v pyati tomah. – T. 1. – Almaty, 1961.
- 6 Kerimbaeva S.E. Onomasticheskaya eksplikatsiya mifologicheskoy modeli mira v kazahskom yazyke. Avtoreferat... KFN. – Almaty, 2004.
- 7 Hi''nayatuli' B. Qazaqtardi'ng to'rt tu'likke qati'sti' da'stu'rli i'ri'm, josi'n-joralghi', a'det-ghuri'ptari' // Qazaqti'nga'det-ghuri'ptari'men salt-da'stu'rleri: o'tkendegisi ja'ne bu'gini. – Almati': Ghi'li'm, 2001. – 190 b.